

**ӨОЖ 347.9; 341.24**  
**МҒТАР 10.31.01; 10.87.61**

**Ж. Құмарбекқызы, Р.А. Әмірханов**

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,  
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАНЖАЛДАРДЫ ШЕШУ КЕЗІНДЕ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ**

**Аннотация.** Бүгінгі таңда жанжалдар мен даулар қоғамдық өмірдің барлық салаларымен, соның ішінде отбасылық, коммерциялық, азаматтық және саяси қақтығыстармен қатар жүреді. Жанжал географиялық, этникалық немесе діни тегіне қарамастан кез келген қоғамдағы жеке тұлғаның ажырамас сипаттамасы. Сондықтан қазіргі әлемнің барлық жетістіктеріне қарамастан, адам қақтығыстың дәйекті түсіндірмесін, тіпті оны шешудің және татуластырудың барабар әдісін талдай алмағаны назар аудартады.

Кез келген келіссөздер немесе медиация процесінің негізі – жанжал болып табылады. Ал жанжал делдалдардың көмегімен шешілуге жататын құбылыс. Сондықтан мақалада авторлар жанжал ұғымына және оның мәніне ерекше тоқталады.

Жанжалдарды шешудің әр түрлі жолдарын сипаттай отырып, авторлар медиация институтының артықшылықтарын тізімдейді. Сонымен қатар медиацияның жанжалдарды шешудегі маңызды рөліне баса назар аудара отырып, шетел мемлекеттерінің оң тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанда медиацияның даму жолдарын ұсынады.

**Түйінді сөздер:** жанжал; қақтығыс; дауларды шешу; медиация институты; медиатор; төрелік; келіссөздер; диалог.

**Ж. Кумарбекқызы, Р.А. Амерханов**

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,  
г. Косшы, Республика Казахстан*

## **ЗНАЧЕНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ ПРИ РАЗРЕШЕНИИ КОНФЛИКТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**Аннотация.** Сегодня конфликты и споры идут рука об руку со всеми сферами общественной жизни, включая семейные, коммерческие, гражданские и политические. Конфликт является неотъемлемой характеристикой индивида в любом обществе, независимо от географического, этнического или религиозного происхождения. Поэтому примечательно, что несмотря на все достижения современного мира, человек так не смог разобрать последовательное объяснение конфликта, а тем более адекватный метод его разрешения и примирения.

Причиной любого переговорного или медиативного процесса является конфликт. Именно конфликт разрешается с помощью посредников. Поэтому в статье авторы особо акцентируют внимание на понятии конфликта и его сущности.

Описывая различные способы разрешения конфликтов, авторы перечисляют преимущества института медиации. Они также предлагают дальнейшие пути развития медиации в Казахстане с учетом положительного опыта зарубежных государств, уделяя особое внимание важной роли медиации в разрешении конфликтов и споров.

**Ключевые слова:** конфликт; спор; разрешение спора; институт медиации; медиатор; посредничество; переговоры; диалог.

## THE IMPORTANCE AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE INSTITUTE OF MEDIATION IN CONFLICT RESOLUTION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Abstract.** Today, conflicts and disputes go hand in hand with all spheres of public life, including family, commercial, civil and political. Conflict is an integral characteristic of an individual in any society, regardless of geographical, ethnic or religious origin. Therefore, it is noteworthy that despite all the achievements of the modern world, a person could not understand a consistent explanation of the conflict, much less an adequate method of its resolution and reconciliation.

The reason for any negotiation or mediation process is a conflict. It is the conflict that is resolved with the help of intermediaries. Therefore, in the article, the authors emphasize the concept of conflict and its essence.

Describing various ways of conflict resolution, the authors list the advantages of the mediation institute. They also propose further ways to develop mediation in Kazakhstan, taking into account the positive experience of foreign countries, paying special attention to the important role of mediation in resolving conflicts and disputes.

**Keywords:** conflict; dispute; dispute resolution; mediation institute; mediator; mediation; negotiations; dialogue.

DOI: 10.52425/25187252\_2024\_31\_52

*Кіріспе.* Жанжал адамның барлық іс-әрекетінде және бізбен жасалған кез келген қарым-қатынаста пайда болады. Нәтижесінде ежелгі кезден бастап-ақ адамдар өздерінің ішкі қақтығыстарымен күресті: отбасы отбасымен күресті, тайпа тайпамен күресті; ежелгі грек қаласы өзге қалалармен күресті, ал ұлттық мемлекеттердің пайда болуымен ұлттар жанжал бірліктеріне айналды және бір-бірімен соғысты. Бұл модель адамзат өркениетінде оның мәдени және технологиялық дамуына қарамастан байқалады. Сонымен жанжал дегеніміз не? Адамзат жанжал жағдайында өмір сүруге арналған ба, әлде жанжалды жоюға бола ма? Олай болса, жанжалды жою пайдалы бола ма? Жанжал үшін көптеген ықтимал орталар бар: жеке адам ішіндегі қақтығыс немесе Фрейдтің «интрапсихикалық» қақтығысы – саналы ақыл бейсаналықпен күрескен кезде; жеке адамдар арасындағы қақтығыс; отбасы ішіндегі немесе отбасылар арасындағы қақтығыс; ұлттар арасындағы, этникалық, діни және географиялық топтар арасындағы қақтығыстар.

Көптеген шетелдік ғалымдар жанжалды ертүрлі жолдармен анықтайды. Мысалы, Вебстер сөздігінде жанжал келесідей анықталады: «қарама-қарсы немесе сәйкес келмейтін күштер мен қасиеттердің

соқтығысуы, бәсекелестігі немесе өзара араласуы». «Антогонизм» – жанжалды анықтаудың тағы бір әдісі [1]. Чемберс сөздігі оны «Азап, антогонизм, шайқас, төбелес, қақтығыс, жекпе-жек» деп сипаттайды [2]. Лонгманның сөздігі оны келесідей анықтайды: келіспеушілік, дау, жанжал [3]. Осылайша, сөздердің көпшілігі теріс мағынаны қақтығысқа жатқызады.

Жанжалды зерттеудің түп тарихы бар, тіпті Аристотель философиясында осы адам құбылысын ғылыми-әдістемелік зерттеудің алғашқы іздерін табуға болады. Шамамен 2300 жыл бұрын Аристотель жанжалдың ең тұрақты метафораларының бірі анықтайды: «ақыл» мен «эмоциялар» арасындағы қақтығыс. Аристотель өзінің «қожайын және құл» тұжырымдамасын жасады, бұл оның эмоциялар мен ұтымдылық әрқашан қайшылықта болады деген болжамына негізделген теория. Аристотельдің пікірінше, эмоциялар адамның қарабайыр, ақылға қонымсыз және хайуандық көріністері болып табылады. Демек, бұл қауіпті эмоционалды импульстар құлдық болып табылады және оларды басу керек, ал ұтымдылық, даналық және ақыл-ой жағдайды қатаң бақылайтын шебер болуы керек.

Бұл «қауіпті эмоциялар» ұғымы батыс өркениетіне ұзақ әсер етті. Жағымсыз

эмоциялар жанжалдар тудырады, ал жанжалдар «шайқастар» мен антогонизмге әкеледі деген сенім бүкіл тарихта кең таралған. Осы тұрғыдан алғанда, жанжал – бұл адамның жағымсыз қасиеті, оны жою және ақылмен ауыстыру қажет [4].

Осылайша, ежелгі дәуірде де көптеген философтар бұл құбылысқа көп көңіл бөлді, жанжалдың тұжырымдамасы мен себептері сол кездегі ғалымдардың көптеген еңбектерінде сипатталған.

Қарым-қатынасқа қатысушылардың өздерінің қақтығыстарын бейбіт жолмен, келіссөздер арқылы шешуге мүмкіндігі бар. Жанжалдардың себептерін жою үшін тараптардың әрқайсысына жан-жақты әсер ететін құралдар мен тәсілдер қолданылуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда жанжалды жоюға, қоғамдағы шиеленісті жеңілдетуге арналған құрылымды, байланыстырушы буынды құру перспективалы болып көрінеді.

Осы тұрғыда 2011 жылдың жазында қабылданған «Медиация туралы» заңды айта кеткен жөн, ол жанжалдасушы тараптардың медиаторға жүгінуі арқылы дауларды реттеудің балама әдісін заңнамалық түрде бекітті. Осылайша, медиация институтын енгізу мен дамытудың нормативтік-құқықтық негізі қалыптасты.

Медиация ұғымының өзі (лат. медиатио-Медиация) медиатор деп аталатын бейтарап үшінші тарап қақтығысушы тараптардың ерікті өзара тиімді келісім жасауына ықпал ететін қақтығыстарды шешу процесін білдіреді.

Медиация туралы заң осы институт арқылы реттелуі мүмкін құқықтық қатынастар санатын едәуір кеңейтеді [5].

*Материалдар мен әдістер.* Мақаланың әдістемелік негізін зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістері, атап айтқанда талдау, синтездеу, жүйелі-құрылымдық, құқықтық, салыстырмалы-құқықтық әдіс-тәсілдері құрады.

Сонымен қатар шетел мемлекеттердің оң тәжірибесін зерттеу әдісі де кеңінен қолданылады.

Құқық саласында қоғамдық қатынастарды реттеу тәсілдерін таңдауда ғана емес, бұл тәсілдерді теориялық тұрғыдан ұғынуда да

тарихи сабақтастық өте мықты болғандықтан, жанжал мен медиация институты тарихи қырынан да қарастырылды. Біздің пайымдауымызша, бұл әдіс аталған жаза түрлері туралы қазіргі заманғы көзқарастарды дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

*Нәтижелер, талқылау.* Жанжалдарды шешу жанжалдың түріне, оның қарқындылық деңгейіне және жағдайға қатысатын тараптарға байланысты әртүрлі принциптер мен әдістерге сәйкес болуы мүмкін. Жанжалдарды шешудің бірнеше жалпы принциптері мен әдістері бар – байланыс және диалог, медиация, құқықтық процестер (сот) және т.б.

Қарым-қатынас пен диалог кезінде жанжал тараптары арасындағы тікелей байланыс айырмашылықтарды, түсінбеушіліктерді және ортақ мүдделерді анықтауға көмектеседі. Мәселелерді ашық және құрметпен талқылау компромиске келуге және өзара қолайлы шешімдер табуға мүмкіндік береді.

Медиация кезінде тәуелсіз үшінші тарап, медиатор жанжалды шешу процесінде тараптарға көмектесе алады. Медиатор немесе делдал тараптар арасында байланыс орнатуға, диалогты жеңілдетуге және шешімдерді ұсынуға көмектеседі.

Ал енді жанжалды шешудің басқа әдістері қажетті нәтижеге әкелмеген жағдайларда, тараптар сот және төрелік рәсімдерді қоса алғанда, заңды процестерге жүгіне алады.

Сонымен қатар әрбір қақтығыс бірегей екенін және тиімді шешу әртүрлі әдістер мен тәсілдердің комбинациясын қажет етуі мүмкін екенін ескеру маңызды. Ең сәтті болатын тәсіл нақты жағдайға және жанжалға қатысатын тараптардың қажеттіліктеріне байланысты.

Біз қарастырып отырған медиация институты жанжалдарды ұзақ және қымбат сот процестерінсіз шешудің тиімді құралын ұсынады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес құқық қолдану практикасы төрелік пен медиацияны құқықтық реттеудегі бірқатар кемшіліктерді айқындады, осыған байланысты халықаралық тәжірибені ескере отырып, осы институттарды одан әрі дамыту қажеттілігі көрсетілген.

Сонымен қатар тұжырымдамада дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың маңызды векторы болып табылатыны, өйткені бұл институт қоғамдағы жанжалдар деңгейін төмендетуге ықпал етеді және соттарға жүктемені азайту арқылы сот төрелігін іске асыру сапасын арттыратындығы баяндалған.

Осыған байланысты дауларды шешудің баламалы тәсілдерін реттеу саласындағы саясатты жүргізетін уәкілетті мемлекеттік органды айқындау, сондай-ақ олардың тұрақты негізде кеңінен қолданылуын ынталандыратын шаралар қабылдау маңызы айтылады<sup>1</sup>.

Медиацияны қолдану сот төрелігі жүйесіне деген сенімді нығайтуға ықпал етеді, өйткені тараптар дауларды шешу процесіне белсенді қатысады.

Қазіргі әлемдегі медиацияны зерттеу оның рөлі мен тиімділігін тереңірек түсіну және оны жетілдірудің стратегиялары мен әдістемелерін әзірлеу үшін маңызды. Осылайша, бұл тақырып академиялық және практикалық тұрғыдан өзекті және сұранысқа ие болып қала береді.

Медиация институты бірқатар себептер бойынша Қазақстан Республикасындағы қазіргі заманғы құқықтық жүйесі үшін маңызды мәнге ие. Біріншіден, даулар тиімді шешіледі. Ол дегеніміз медиация дау тараптарына шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуға және келісімге келуге мүмкіндік береді, яғни медиация процесі барысында қол жеткізілген өзара шешім сот шешіміне қарағанда қанағаттанарлық және ұзақ мерзімді болып келеді. Бұл соттарға жүктемені азайтады және дауларды шешу процесін жылдамдатады.

Екіншіден, ақшаны, эмоционалды күш пен уақытты үнемдейді. Өйткені, медиация процедурасын қолдана отырып, шешімді бір немесе бірнеше келіссөздер сессиясында, яғни бір-екі апта ішінде табуға болады. Егер сот талқылауы туралы айтатын болсақ, онда сот шешімінде қажетті нәтижеге қол жеткізу бірнеше сатыдан өтуді талап етеді. Әрбір инстанция алдыңғы шешімдердің күшін жоя

алады және процесс бірнеше жылға созылуы мүмкін. [6].

Үшіншіден, қарым-қатынасты сақтайды. Ол дегеніміз медиация дауға қатысушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді, өйткені ол адамдар арасында өзара түсіністік орнатуға бағытталған. Бұл медиатордың негізгі міндеттерінің бірі – тараптардың, ең алдымен, өзін, содан кейін бір-бірін түсінуін қамтамасыз ету және диалогты мүмкін ету есебінен жүзеге асырылады. Медиация жанжалдың өзіне емес, яғни кімнің дұрыс, кімнің кінәлі екенін анықтауға немесе жеңіске жетуге, атап айтқанда, шешімдерді сындарлы және бірлесіп іздеуге бағытталған.

Сондай-ақ дауды шешу кезінде қол жеткізілген уағдаластықтар неғұрлым берік және іске асырылатын болып табылады, өйткені екі тарап өзара келісімге қол жеткізді және жанжалды шешу үшін бірлескен шешім қабылдады.

Медиация мәселенің икемді шешімдерін табуға мүмкіндік береді, мысалы, құқық нормаларын басшылыққа ала отырып, сотта алу іс жүзінде мүмкін емес. Сот екі тарап үшін де міндетті шешім шығарады, ал медиация процедурасы тараптар арасындағы және нәтижеге қол жеткізгеннен кейін қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік беретін компромисске келу принципіне негізделген.

Медиацияның тағы бір артықшылығы, оны әр түрлі салаларда, соның ішінде отбасылық, коммерциялық, азаматтық, еңбек және әкімшілік дауларда, тіпті бизнесте сәтті қолдануға болады. Бұл оны жанжалдарды шешудің әмбебап құралына айналдырады.

П.А. Астаховтың пікірінше, медиация өркениетті қоғам дамуының жаңа кезеңі болып табылады, өйткені медиация дұрыс татуласуға, заңды негізде және өзара тиімділікке үйретеді [7].

Бүгінгі күні әлеуметтік салада медиацияны пайдалана отырып, құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерін одан әрі дамыту және толық енгізу мынадай себептерге негізделген: жанжалдар, қоғамдағы және этносаралық қатынастар;

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 ж. 15 қазандағы №674 Жарлығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (жүгінген күні: 13.09.2023).

көші-қон процестері, этносаралық және конфессияаралық проблемалардың шиеленісуі; көпұлтты қоғамдағы өмірге дағдылану қажеттіліктері, мәдениетаралық диалог; кез келген саладағы халықаралық нормалар мен стандарттарға, жұмыс әдістері мен технологияларға көшу; отбасының негізгі әлеуметтік институт ретіндегі рөлі және осы рөлді білім беру мекемелеріне жүктеу; қоғамдағы қоғамға қарсы құбылыстар: мысалы, нашақорлық, маскүнемдік, қараусыздық және панасыздық, балалар мен кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар, суицидтік қылмыстар және т.б. [8].

Сонымен медиация институты дауларды неғұрлым тиімді және қанағаттанарлық шешуге, соттарға жүктемені азайтуға және сот төрелігі жүйесіне деген сенімді нығайтуға ықпал ететін Қазақстандағы қазіргі заманғы әділеттің маңызды бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда медиация дамуын жалғастыруда. Медиаторлар мамандандырылған білім алады, ал медиациялық ұйымдар медиацияның кәсіби стандарттары мен реттелуін нығайту үшін жұмыс істейді.

Қазақстанда медиацияны дамыту әлі бастапқы сатысында екенін және осы тәжірибені одан әрі өсіру мен жетілдіру үшін көптеген әлеует бар екенін атап өту маңызды. Медиацияны қоғам өмірінің әртүрлі салаларына енгізу, білім беру бағдарламаларын күшейту және халықтың хабардарлығын арттыру оның табысты дамуына ықпал етуі мүмкін.

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасындағы медиация институты жанжалдарды шешу үшін өзінің әлеуеті мен маңыздылығына қарамастан, оның дамуын бәсеңдететін бірқатар күрделі мәселелерге тап болады:

1) **Медиацияның кең қолданылмауы.** Өкінішке орай, Қазақстанда медиация негізінен азаматтық істер бойынша, нақты айтқанда, отбасылық құқықтық қатынастарда қолданылады. Мысалы, ажырасу, ортақ мүлікті бөлу, шарттар бойынша және т.б. Шетел мемлекеттерге келетін болсақ, медиация отбасы құқығы, коммерциялық даулар, еңбек қақтығыстары, бизнес, үкімет

және қоғамдастық сияқты басқа салаларда да қолданылады. Бұл жағдайларда медиаторлар компанияларға клиенттермен немесе қызметкерлер арасындағы дауларды шешуге, сондай-ақ үкіметтік ұйымдар мен қауымдастықтарға жер, қоршаған орта және басқа да әлеуметтік мәселелерге қатысты қақтығыстарды шешуге көмектесе алады.

Осыған байланысты, Қазақстанда медиацияны қолдану саласын кеңейтуді ұсынамыз. Ол үшін ірі компаниялардың, мемлекеттік органдардың және кәсіподақтардың өкілдерімен тұрақты негізде презентациялар, баспасөз конференцияларын өткізу қажет. Медиацияны қысқа бейнелерде, жарнамалық баннерлерде адамдар көп жиналатын жерлерде (әуежай, вокзалдар және т.б.) насихаттау және жарнамалау қажет.

Сонымен қатар азаматтық істердің кейбір санаттары үшін «міндетті медиацияны» заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет деп санаймыз. Яғни, сотқа жүгінер алдында тараптар міндетті түрде медиация рәсімінен өтуі тиіс.

Міндетті медиация – бұл кейбір юрисдикцияларда кеңінен қолданылатын тәжірибе. Бұл дау тараптары сотқа шағым түсірмес бұрын алдымен медиация арқылы келіспеушіліктерді шешуге тырысуы керек дегенді білдіреді.

2) **Әр түрлі стильдердің болмауы:** шетел мемлекеттерде медиаторлар тараптарға келісімге келуге көмектесу үшін әртүрлі стильдер мен әдістерді қолдана алады, соның ішінде фасилитативтік, бағалау және трансформативтік стильдер.

Біздің елімізге келетін болсақ, Қазақстанда медиацияның фасилитативтік нысаны ғана пайдаланылады, ол әлемдегі медиацияның ең кең таралған түрі болып есептеледі. Фасилитативтік медиация үшінші тұлғаның – шешім қабылдауға құқығы жоқ, бірақ тараптарға белсенді қарым-қатынас жасау және компромисс іздеу арқылы келісімге келуге көмектесетін медиатордың қатысуын болжайды.

Қазақстан Республикасындағы «Медиация туралы» заңда фасилитативтік медиацияны жүргізудің негізгі қағидаттары мен

қағидалары айқындалған, сондай-ақ медиаторларға қойылатын талаптар, олардың құзыреттері мен жауапкершіліктері айқындалған<sup>2</sup>.

Жоғарыда аталған Медиация туралы Заң 2011 жылы қабылданды. 10 жылдан астам уақыт өтті, Қазақстанда медиация институты әрекет етеді, бірақ бүгінгі күнге дейін бізде тек фасилитативтік форма қолданылады. Өзгеретін уақыт келді. Сондықтан медиаторларды дайындау бағдарламасына өзгерістер енгізуді ұсынамыз. Оларға медиацияның басқа түрлерін де үйрететін кез келді. Олар жанжалдарды шешу кезінде медиацияның өзге де стильдерін де қолдана білуі керек. Қазір бұл бұрынғыдан да өзекті болып табылады.

3) *Медиацияның баяу дамуы:* шетел мемлекеттерде медиация үнемі дамып, кеңейіп келеді, бұл тараптарға сәтті нәтижеге жетуге көмектесетін жаңа түрлер мен құралдардың пайда болуына әкеледі.

Мысалы батыс мемлекеттерде медиацияның келесі түрлері бар:

*Шаттл медиациясы:* бұл медиатор жанжалдың әр тарапымен бөлек жұмыс істейтін медиацияның бір түрі. Медиатор келісімге қол жеткізілгенге дейін тараптар арасындағы ақпарат пен ұсыныстарды тасымалдайды. Қазақстанда медиацияның бұл түрі артта мүлдем қолданылмайды.

*Дөңгелек медиация:* бұл жанжалдың барлық қатысушылары шеңберде отыратын және бір-бірін сөйлеуге және тыңдауға мүмкіндігі бар медиацияның бір түрі. Медиацияның бұл түрі тараптардың көзқарастарын тереңірек түсінуге ықпал етеді және оларға тиімді шешім табуға көмектеседі. Біздің елде медиаторлар медиацияның бұл түрін де пайдаланбайды.

*Онлайн медиация немесе бейне-конференция технологияларын қолданатын медиация:* бұл интернет арқылы немесе бейнеконференциялар арқылы жүзеге асырылатын медиацияның бір

түрі. Медиацияның бұл түрі жанжалға қатысушылар әртүрлі жерлерде болған және жеке кездесе алмайтын немесе әртүрлі уақыт белдеулерінде немесе бір-бірінен үлкен қашықтықта болған жағдайларда пайдалы болуы мүмкін. Қазақстанда медиацияның бұл нысаны қолданғанымен, әлі де болса көпшілікке танымал емес.

Сонымен қатар онлайн медиация қызметтерін ұсынатын көптеген онлайн платформалар мен қызметтер бар. Өкінішке орай, Қазақстанда мұндай платформалар мен сервистер әлі жоқ. Осыған байланысты Қазақстан медиаторларының қауымдастықтарымен бірлесіп, осындай ресми онлайн-платформаларды әзірлеуді ұсынамыз.

Қазақстандағы медиацияның бұл проблемалары елдегі жанжалдарды шешудің тиімді құралы ретінде жағдайды жақсарту және медиацияны ілгерілету үшін Үкімет, қоғамдық ұйымдар мен академиялық қоғамдастық тарапынан назар мен күш-жігерді талап етеді.

Әрине, Қазақстанда осы үздік тәжірибелерді бейімдеу және енгізу жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерді мұқият зерделеуді талап етеді. Сонымен қатар мүдделі тараптармен кең консультация жүргізу және медиация саласындағы реформаларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру стратегиясын әзірлеу маңызды.

Осылайша, Қазақстан Республикасында медиацияны дамыту перспективалары бірқатар негізгі бағыттарда дұрыс көзқарас пен күш-жігермен үміт күттіретін болуға уәде береді.

Бұл перспективалар Қазақстан Республикасында медиацияны дамытуға және оның сот және соттан тыс салалардағы жанжалдарды шешудегі рөлін күшейтуге ықпал етуі мүмкін. Медиацияны дамыту үшін қолайлы орта құру үшін мемлекеттік органдар, медиаторлар мен жұртшылық арасындағы диалог пен ынтымақтастықты қолдау да маңызды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Merriam-Webster's Collegiate Dictionary: 11th Edition. – Merriam-Webster, Inc. 2019. – 322 p.

<sup>2</sup> Медиация туралы: Қазақстан Республикасының 2011 ж. 28 қаңтардағы №401-IV Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z110000401> (жүгінген күні: 13.09.2023).

2. The Chambers Dictionary: 13th Edition. – Chambers Publ., 2014. – 281 p.
3. Longman Dictionary of American English: 5th Edition. – Pearson Education ESL, 2014. – 298 p.
4. Isaacson, K. Mediation: Empowerment in Conflict Management: third Edition / K. Isaacson, H. Ricci, S.W. Littlejohn. – Waveland Press, Inc, 2020. – 199 p.
5. Садвакасов, Д.О. Медиация как метод разрешения конфликтов в Казахстане / Д.О. Садвакасов // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2013. – №3(97). – С. 173-177.
6. Шеянов, В.С. Преимущества медиации / В.С. Шеянов, М.В. Велькина // Отечественная юриспруденция. – 2016. – №5. – С. 10-11.
7. Астахов, П.А. За медиацией – будущее цивилизованного общества / П.А. Астахов // Медиация и право. – 2014. – №3(33). – С. 40-41.
8. Муратханова, М.Б. Актуальные проблемы медиации в Республике Казахстан / М.Б. Муратханова, Н.А. Лукманова // Вестник Атырауского университета им. Х. Досмухамедова. – 2023. – №4(71). – С. 150-157.

#### References:

1. Merriam-Webster's Collegiate Dictionary: 11th Edition. – Merriam-Webster, Inc. 2019. – 322 p.
2. The Chambers Dictionary: 13th Edition. – Chambers Publ., 2014. – 281 p.
3. Longman Dictionary of American English: 5th Edition. – Pearson Education ESL, 2014. – 298 p.
4. Isaacson, K. Mediation: Empowerment in Conflict Management: third Edition / K. Isaacson, H. Ricci, S.W. Littlejohn. – Waveland Press, Inc, 2020. – 199 p.
5. Sadvakasov, D.O. Mediacija kak metod razreshenija konfliktov v Kazahstane / D.O. Sadvakasov // Vestnik KazNU. Serija jekonomicheskaja. – 2013. – №3(97). – S. 173-177.
6. Shejanov, V.S. Preimushhestva mediicii / V.S. Shejanov, M.V. Vel'kina // Otechestvennaja jurisprudencija. – 2016. – №5. – S. 10-11.
7. Astahov, P.A. Za mediaciej – budushhee civilizovannogo obshhestva / P.A. Astahov // Mediacija i pravo. – 2014. – №3(33). – S. 40-41.
8. Murathanova, M.B. Aktual'nye problemy mediicii v Respublike Kazahstan / M.B. Murathanova, N.A. Lukmanova // Vestnik Atyrauskogo universiteta im. H. Dosmuhamedova. – 2023. – №4(71). – S. 150-157.

#### **АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS**

**Жания Құмарбекқызы** – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының Жалпы заң пәндері кафедрасының доценті, философия докторы (PhD), e-mail: zhanika-7@mail.ru.

**Кумарбекқызы Жания** – доцент кафедрасы общеправовых дисциплин Института послевузовского образования Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, доктор философии (PhD), e-mail: zhanika-7@mail.ru.

**Kumarbekkyzy Zhaniya** – Associate Professor of the Department of General Legal Disciplines of the Institute of Postgraduate Education of the Academy of Law Enforcement Agencies at the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, PhD, e-mail: zhanika-7@mail.ru.

**Руслан Айтқалиұлы Әмірханов** – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының Жалпы заң пәндері кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, e-mail: amerkhanovrus@mail.ru.

**Амерханов Руслан Айтқалиевич** – доцент кафедрасы общеправовых дисциплин Института послевузовского образования Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, кандидат юридических наук, e-mail: amerkhanovrus@mail.ru.

**Amerkhanov Ruslan Aitkalievich** – Associate Professor of the Department of General Legal Disciplines at the Institute of Postgraduate Education of the Academy of Law Enforcement Agencies at the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Law, e-mail: amerkhanovrus@mail.ru.